

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының "Баргаль Экономик Энтерпрайсиз Лтд." және "Сканбург АБ" фирмаларымен келісімшарттық міндеттемелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 тамыз N 1208

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясы ("Үлбі металлургия зауыты" № ашық акционерлік қоғамы) мен "Баргаль Экономик Энтерпрайсиз Лтд." (Израиль) фирмасы арасындағы 1994 жылғы 3 қазандағы н/ж несиелік келісім бойынша 179 999,5 кг танталды Бельгияға, сондай-ақ "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Сканбург АБ" фирмасы (Швеция) арасындағы кепілге несие беру туралы 1995 жылғы 24 қарашадағы N ҚР/95-1156 келісімшарт бойынша 25 600,6 кг бериллий металының құймаларын Швецияға уақытша шығару мерзімдерінің аяқталуына байланысты, бұрын әкетілген металдың Қазақстанға қайтарылуының экономикалық жағынан пайдасыз екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Үлбі металлургия зауыты" ашық акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен өзі мен "Баргаль Экономик Энтерпрайсиз Лтд." фирмасының арасында қол қойылған танталдың көрсетілген мөлшерін сатуға арналған 1998 жылғы 8 қыркүйектегі н/ж келісімге сәйкес, сондай-ақ көрсетілген бериллий металын сатуға арналған "Сканбург АБ" фирмасымен 1998 жылы 18 тамызда жасалған N 30054230/Г-512 келісімшартқа сәйкес бұрын Қазақстан Республикасынан тысқары әкетілген 179 999,5 кг тантал мен 25 600,6 кг бериллий металл құймаларын сатуға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экспорт режиміне арналған уақытша әкетудің кедендік режимін ресімдесін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (мәміленің сипаты - 80) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен алдын ала келіскен соң жоғарыда аталған өнімдердің экспортына лицензия берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ